



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ЫРҒЫЗ Өңіріндегі XIX-XX ғғ. діни нысандар

Әбдіғали Нүркен Әбдіғалиұлы

nurkenabdigali@mai.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Археология және этнология мамандығының 1 курс

магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ж.Артықбаев

Кез-келген халықтың алыс заманалардан бері қалыптасқан өзіндік болмыс-бітімі, салт-дәстүрі, материалдық және рухани мұралары сол халықтың ғұмыр жолының айнасы. Өткен заманалардан жеткен мұралар бүгінгі ұрпақ үшін тек тарихтың қарапайым куәгері ғана емес сонымен бірге қазіргі сан тарау мәдениетіміздің бой көтерген биік тұғыры да. Адам баласының таным-түсінігі толысқан сайын өзіне дейінгі ұрпақтар жасаған материалдық және рухани мұраларды зерттеп, игеруге деген қажеттігі арта түскен. Өткенді түсінбей тұрып болашақты дұрыс болжауға болмайды.

Ұлан байтақ Ақтөбе өңірі мыңдаған жыл бұрын түрлі тайпалардың алмасуы мен көшпелі халықтардың ұзақ қоныс тепкен жері болған. Табиғаттың тарылмаған байлығы мен жағрапиялық жағдайы көптеген тайпаларды осы маңда тоғыстырды.

Жинақталған ғылыми еңбектер мен құжаттарды және көріп-білгенімізді түйіндесек, бұл өлкедегі ескерткіштердің көпшілігі халықтық сәулет өнерінің шеберлігімен, терең сырлылығымен назар аудартады.

Ескерткіштерде табиғи тастан бастап қам кірпіш, күйдірілген кірпіш, әк тас, құм тас, жұмсақ ұлу тас, қиылып салынатын плита тастар кеңінен пайдаланылған. Әрине, қам кірпіштен салынған неше түрлі тамдардың тұтас тұрғаны жоқтың қасы.

Ырғыз өңіріндегі ескерткіштер өз алдына басқа мәнерде. Табиғи тастан қаланған Мәні әулие қорымы Нұра тауындағылармен үндесіп жатса, XIX ғасырдың бірінші және екінші жартысында салынған көп күмбезді Алмат тамы өте күрделі бірегей құрылыс – Бұхара, Хиуа, Сыр өнерінің жалғасы секілді. Ал Жаныс би мавзолейі Балғасын күмбезі жобасына еліктеген [1, 117 б.].

1902 жылы мұсылманшылыққа бетбұрыс жылы. Ағайынды Дүйсенбі, Исатай Бұхар, Түркістан қалаларынан жоғары дәрежелі діни білім алып келіп, ел ішінде уағыз жүргізе бастайды. Ел ағалары қызу қолдап, мешіт салуды ұйғарады. Сол істің басында басшылық еткен Сәтбайұлы Саудабек екен. Имашұлы Дүйсенбі 1885-1886 жылдары Бұхар жағына кетіп, сол жақтан діни оқу оқып, елге оралады. 1904 жылы мешіт құрылысына дайындық жұмысы басталады. Дүйсенбі халық талабын қолдап, келісімін береді. Кесекті сол жерден қолдан күйдіріп басады. Балшықты биенің сүтімен қыл араластырып басады. Саз балшықтың орнына таудан бор әкеліп пайдаланған. Керекті ағаштарын Дүйсенбінің інісі Сәрекенге дайындау тапсырылады. Сәрекен қасына он адамын ерітіп, Қостанай облысының Сеинозер ауданында қыстай әзірлеп, көктемде тасыған Торғай өзенінің бойымен судың ағысымен жеткізеді. Дүйсенбі мешітін 1909 жылы бастап салады. Мешітті салуға Орынбор және Уфа қалаларынан төрт шебер келеді. Сол кездегі ұста Жыға деген кісі қасына шәкірттері Бейсенғали, Хасендерді алып мешітті салуға көмектеседі. Мешітке ауыл тұрғындары да жәрдем береді. Мешіт құрылысы 1913 жылы аяқталады. Жайсаңбай ауылынан солтүстік-батасында жеті шақырым жерде орналасқан. Төтрбұрыш тәрізді ені 9,60, ұзындығы 24,20 метр, қабырғасының биіктігі 8 метр, мұнарасының биіктігі 19 метр. Мешіттің үсті, мұнарасы кезінде қаңылтырмен қапталған. Айшығын ауыл тұрғыны Тоқа Алшынбай деген кісі түйемен Троицкіден жасатып әкелген. Оның құрылысында Еділ бойы халықтарының ою-өрнектері салынған. Дүйсенбі аһун 1920 жылы қайтыс болады [2, 93 б.].



Дүйсенбі аһун мешіті

Тағы бір Ырғыз өңіріндегі ескерткіш Исатай мешіті. Исатай Сатыпалдыұлы руы Тоқа, оның ішінде Таңатар аталығы. Сол кезде осы жерде шомбал деген бай болған. Әкесі өлген соң баласы Ағыбай әкесіне арнап мешітті салдырады. Мешітті Жыға ұста мен оның шәкірттері Бисенғали, Хасендер салған. Мешіт халық қаражатымен салынған. Дүйсенбі мешітіндей емес, кесек орнына бор емес, саз пайдаланған. Мұнарасының сыртын күйдірілген кірпішпен қаптаған. Соған қарамастан құрылыс әлі де мығым күйінде. Исатай мешіті 1907 жылы басталып, 1908 жылы аяқталған. Исатай мешітінің құрылысы шахмат ладьясын көз алдыға әкеледі. Мешіт Жайсаңбай ауылының оңтүстік-шығысында 4 км жерде. Төртбұрышты ені 10 м, ұзындығы 19 м. Мұнарасының биіктігі – 8,50 м, конус тәрізді. Мұнара басына дейін кірпішпен өрілген, ішінен айналма баспалдақ арқылы көтерілуге болады.



Исатай мешіті

Ырғыз өңірінде төртқара руының биі болған 1769-1867 жылдар аралығында өмір сүрген Жаныс би Сығайұлының мавзолейі де бар. Жаныс мавзолейі (XIX-ғ. ескерткішкі) – Ырғыз ауданы Құрылыс ауылының оңтүстік батысында 20 шақырым жерде орналасқан. Қабырғасының төменгі бөлігі 8 қырлы, жоғарғы бөлігі сағанаға ұқсас 8 және 41 қырлы барабан шеңбері түрінде қаланған. Күмбезі пирамида тәріздес сатылап қаланып аяқталған.

Қабырғалары күйдірілген саз балшық араластырылып өрілген. Мазарды Өлімнің төртқара руының биі Жаныс көзі тірісінде халық шебері Мейірбекке салдырған. Мазар аса көрікті жерге, өзге мазарларға ұқсамайтын шеберлік үлгісімен салынған [3, 54 б.].



Жаныс мазары

Ескерткіш – ел мұрасы. Оны келер ұрпаққа күнгірлеген көркімен жеткізу бүгінгінің абыройлы міндеті.

Жоғарыда сөз еткен тарихи-мәдени ескерткіштеріміздің қай-қайсысында арнайы саяхат жасауға лайық, туған жердің рухани шежіресі – не қызықты айғақ бола алатын орындар. Сондықтан да мұндай орындар санаулылардың ғана емес, баршаның қызықтап-тамашалауына мүмкіндік жасаудың жолдарын қарастыруды қажет етеді.

Асылдың сынығындай, табиғат дүлейіне төтеп беріп, сәл қозғалсаң қаусап қалғалы тұрған ескерткіштерге мейірімді адамның көзімен қарайық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ Ұлттық энциклопедиясы.- А.: Қайнар, Т.1, 1988, 450 б.
2. Ырғыз энциклопедиясы.-А.: «Дала» ЖШС, 2010, 380 б.
3. «Ескерткіш-ел тарихы».- Ақтөбе: Білім, 1992, 250 б.

УДК 394.014

ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ БАЯНАУЛЬСКОГО КРАЯ. ПРИРОДНО–ГЕОГРАФИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ

Амангелдіқызы Әсем

asema8688@mail.ru

Студентка 4 курса специальности «Археология и этнология» ЕНУ им. Л.Н.Гумилева,
Астана, Казахстан

Научный руководитель – Ж.Артыкбаев

Баянаула – слово монголо-тюркского происхождения, дословный их перевод – богатые, счастливые горы. В подтверждение этого можно привести слова Чокана Валиханова: «Баянаула никогда не знала повальных упадков скота[...] Защищенный от непогод в самые бескормные годы [скот] выносил кое-как зиму, питаясь иногда прутьями